

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым арасындағы мүшелік жарналарды төлеу жөніндегі берешекті өтеу туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 тамыз N 925

"Бүкіл дүниежүзілік метеорология ұйымының Конвенциясына қосылу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 1791-ХІІ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым арасындағы мүшелік жарналарды төлеу жөніндегі берешекті өтеу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны

қорғау министрі Аңдар Мәулешұлы Шоқпытовқа Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым арасындағы мүшелік жарналарды төлеу жөніндегі берешекті өтеу туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 20 тамыздағы  
N 925 қаулысымен  
мақұлданды

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ҰЙЫМ АРАСЫНДАҒЫ МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫ  
ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Осы жерде және бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым, ХІІ Дүниежүзілік метеорологиялық конгресте (Женева, 1995 жылғы 30 мамыр 21

маусым) қабылданған 35-қарардың (Кг-ХІІ) ережелеріне сәйкес әрекет ете отырып,

ХІІІ Дүниежүзілік метеорологиялық конгресте (Женева, 1999 жылғы 4-26 мамыр) қабылданған Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның Қаржылық жарғысының жарналарды есептеу мен төлеуге, сондай-ақ Айналым қаражаты қорына берілетін аванстарға қолданылатын тиісті ережелерін ескере отырып,

қазіргі уақытта Қазақстан Республикасына қатысты қолданылатын қаржылық міндеттемелерді орындамауына байланысты мүше елдерді уақытша шеттетуге қатысты ХІ Дүниежүзілік метеорологиялық конгресте (Женева, 1991 жылғы 1-23 мамыр) қабылданған 37-қарардың (Кг-ХІ) ережелерін назарға ала

отырып,

төмендегілер туралы келісті:

#### 1-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның бюджетке мүшелік жарналарды төлеу жөніндегі берешек сомасы 611 299, 40 швейцар франкін (алты жүз он бір мың екі жүз тоқсан тоғыз швейцар франкі қырық сантим) құрайтынын таниды.

#### 2-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі 611 299, 40 швейцар франкі сомасындағы берешекті 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап он жылдық кезең ішінде тең жарналармен төлеуге міндеттеме алады.

#### 3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген кезеңнің әрбір қаржы жылына есептелетін жарнаны бір уақытта толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

#### 4-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі Дүниежүзілік метеорологиялық конгресс шешіміне сәйкес Айналым қаражаты қорына енгізуге қажетті авансты тиісті күні төлеуге міндеттенеді.

#### 5-бап

Екі Тарап та осы Келісімге қол қойғаннан кейін Дүниежүзілік метеорологиялық

Ұйымның Бас хатшысы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның Атқару кеңесінен немесе оның атынан әрекет ететін Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым Президентінен 30 күн ішінде 37-қарар (Кг-ХІ)

ережелерінің Қазақстан Республикасына қатысты қолданысын тоқтата тұруына қол жеткізуге міндеттенеді. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым Қазақстан Республикасының Үкіметіне қабылданған шешім туралы дереу хабарлайды.

6-бап

Келісім Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның пайдасына берешектің соңғы жарнасы төленгенге дейін күшінде қалады.

7-бап

Осы Келісімнің 2, 3 және 4-тармақтарында көзделген төлемдердегі кез келген үзіліс , егер мұндай орын алса, тек сол уақытта Қазақстан Республикасының екі жылдан астам кезең үшін берешегі болмаса, одан әрі хабарлаусыз 37-қарардың (Кг-ХІ) Қазақстан Республикасына ережелерін қолдануға әкеп соқтырады. Бұл жағдайда осы Келісімнің қолданысы

тоқтатылып, егер екі Тарап та берешекті өтеу тәртібін өзгерту туралы келісімге келсе, оның ережелері қалпына келтіріледі.

8-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзара келісімі бойынша енгізіледі.

9-бап

Осы Келісімнің екі Тарап та қол қойған сәтінен бастап уақытша күші болады және Қазақстан Республикасы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді өткізгені туралы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым жазбаша хабарлама алған күнінен бастап түпкілікті күшіне енеді.

2002 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ  
ҰЙЫМ ҮШІН

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК